

Жас  
Түркістан

ақпан N 2/2003

Қажы ШҮКЕН





# ҚАЙРАТ ТАНЫТҚАН ҚАЙРАТКЕРЛЕР

Мәкен УАҚ

## АЗАТ ПЕРУАШЕВ

Алматыдан Оралжан Масатбаев телефон шалып, Қайрат Рысқұлбековтың туған күніне орай, оның өзі оқыған Сәулет – Құрылыс Академиясына “Азаматтық” партияның жетекшілері тақта тас орнатқалы жатқандығын хабарлады. Оралжаннан Азат Перуашевтың телефонын анықтап алған соң, оларға қоңырау шалдым. Азат жауап бермей, оның көмекшісі Сайлау Құлымбаев деген азаматпен хабарласып, қолға алынып жатқан игі шараларына алғыс айттым.

Салтанатты жиыннан ертерек барып, бастама көтеріп жатқан азаматтармен танысып шығуды жөн көрдік. Осындай мақсатпен Қайраттың қорғаушы ұстазы Сейткерім Қожаназар екеуміз “Азаматтық” партияның Желтоқсан даңғылындағы штаб-пәтеріне бас сұқтық. Сайлау да, Азат Перуашев та бізді жылы қарсы алып, тақта тасты орнатудағы қиыншылықтарды, Академия жетекшілерінің

*(Соңы. Басы өткен сандарда.)*

негізгі оқу корпусына ілдірмей, 1-жатақханаға ғана рұқсат еткендіктерін қынжыла айтты. Тақта тасқа 200 мың теңгедей шығын кеткенін де ескертті. Біз оларға Қайрат туралы жарық көрген “Ер намысы-Ел намысы” кітабын, төс белгілер тарту еттік. Жазылып бітіп, баспаға ұсынылған “Қайрат және Желтоқсан көтерілісі” кітабына демеуші болуларына ұсыныс білдірдік.

Қоштасарда Азат Перуашев енді Қайрат туралы, оның өлімі жайлы көп қозғай бермеуді өтінді. Осы игі шара өткен соң, керек болса бәріне нүкте қояйық дегендей емеурін танытты. Салтанатты жиын Сәулет-Құрылыс Академиясының алдында өткеніне қарамас-тан, халық онша көп жиналмады. Үш әріп өкілдері де бой көрсетті. Сейткерім Қожаназар екеуміз “Азаматтық” радиосының тілшісі Батырхан Дәрімбетпен сөйлесіп тұрғанымыздан сескенді ме, бізге сөз кезегі тимеді. Шындығына келгенде тақта тас адам көп жүре бермейтін қалтарыстау жерге орнатылды. Ол жатақхананың өзі біреуге жекеменшікке беріліп, жөндеу жұмыстары жүргі-

зілуде екен. Жиын аяқталар кезде Академия қызметкерлері (Гүлнәр Қалиасқызы, т.б.) Қайратқа арналған Мұражай бөлмесін көруді оның туыстары мен желтоқсандықтарға ескертіп еді, олар түскі асты сылтауратып мән бермеді.

Түстен кейін С. Қожаназар, Балта Иса (Бекежановтың ісі бойынша оған жала жабылып, түрмеге түскен. Қ. Рысқұлбеков түскен абақтыда тамақ тасып жүріп, оның қыздарға жазған аманат хатын алған), Қайрат оқыған Шу ауданындағы мектептің ұстазы Ләйлә Сатыбалдиева төртеуміз келіп, кітапханашы Гүлнәр Қалиасқызының жетекшілігімен Мұражайды асықпай аралап көрдік. Салтанатты жиын рәсімін, Қайраттың туыстарының үйіндегі түскі асты, Мұражаймен танысуды бәрін суретке түсіріп, Ләйлә арнайы альбом жасап, Қ.Рысқұлбековтың мектебіндегі Мұражай бөлмесіне сыйлады.

Үкімет басшылары сыйлаған “Мамыр” мөлтек ауданындағы анасы Дәметкеннің 2 бөлмелі үйінде Қали Қамбаров бастаған 3-4 желтоқсандықтармен бас қоса құран оқыдық. “Азаматтық” партияның жетекшілері дәм ауыз тиіп асығыс аттанды. Қали өз кезегінде талай лауазымды мекемелердің табалдырығын анасы Дәметкен екеуі қаржылай көмек сұрап тоздырғандарын айтты.

Осындай мақсатпен “Азаматтық” партияның басшыларына барғанда, олар нақтылай ақша бере алмайтындықтарын, бірақ Қайратқа арналған қандай шара бар болса соған ақша аударып, көмектесейік дегенде, Қ.Рысқұлбеков оқыған Сәулет-Құрылыс академиясын еске салған. Содан кейін олар тақта тас орнатуға жөн көрген...

Ал, біз, Қайрат қорының жетекшілері болсақ, бірнеше жылдан бері сол Академияға Халық қаһарманының есімін бергізіп, алдына ескерткіш орнатуды, Мұражай ашуды көтеріп келе жатқан едік. Құдайға шүкір, Мұражай бөлмесі ашылды. Қали Қамбаровтың айтуы бойынша, облыс басшыларымен, тағы көптеген лауазым иелерімен кездесіпті. Олардың көпшілігі Желтоқсан көтерілісінің 15 жылдық мерекесін өткізген соң осы оқиғаларға байланысты көтеріліп жатқан зерттеу жұмыстарын тоқтатып, әңгімені мүлдем қояды ескерткенін білдірді. Өзі де осыны құптайтынын сездірген сынай танытты...

Азат Перуашев бастаған партия, алдында Республикадағы аналарды, кейіннен жауынгерлерді, тағы-тағыларды қолдап, құттықтап көзге түсіп, халықты өздеріне көптеп тарту қамдарымен әрекеттенуде. Азат пен Сайлау сонда Сейткерім Қожаназар екеуімізге, біз тек партия мүшелерінің

жарнасымен ғана жұмыс істеудеміз деген еді. Мынадай қиыншылық заманда тек партия мүшелерінен жиналған жарнамен жоғарыдағыдай ауқымды шаралар атқаруға болатынына қазірде жас баланың өзі сене қояр ма екен!? Оның үстіне “Азаматтық” партия өкілдері президентімізге шаң жуытпай, оны өліп-өшіп қорғап, Н.Назарбаевтың ұстанған саясаты мен бағытын әділ сынаған оппозиция қайраткерлерімен бірге шет елдерге де иық тіресе, қабаттаса барып жүрген жоқ па!?

Осылардың барлығына қаржы қайдан табылады! Меніңше, Т.Тілеулесовтың “Шымкентская мафия” кітабында келтірілген: Машкевич – Ибрагимовтардың “Азаматтық” партияға қолдау көрсетіп отырғаны бекерден-бекер емес екендігі айдан-анық.

### ТҰҢҒЫШБЕК СЕЙСЕНҰЛЫ

1963 жылы ауыр науқас-тан анам Жамал Төлепбекқызы 36 жасында қайтыс болған соң әкем мен нағашы әжем Ғайшаға біздің от басымыздағы үбірлі-шүбірлі 7 ұл-қызды асырау оңайға түспеген еді. Кенже қарындасым – Әшіркүл бір жасқа да толмаған. Сол жетудің үлкені әрі тұңғышы болғандықтан жазғы демалыс мезгілдерінде балғын жастығыма қарамастан

еңбекке ерте араласып, қыркүйекке дейін әжеп-теуір қаражат тауып, қарындастарымның мектепке қысылмай баруларына көмектесетінмін. Туған ауылым Бәйдібекте /бұрынғы Киров/ сегіз жылдық мектепті үздік бітіргеніммен, 9- сыныпты көршілес Балуан-Шолақ аулындағы 11 жылдық мектепте жалғастырмақшы болғаныммен, сабақтарға түгел қатынасмай, тіптен сол ауылға барғым келмей, оқуымды нашарлатып алдым. Корни ауылда жарытып оқымайтынымды сезген әкем – Жүмәділ Отарбайұлы келесі жылы Шу ауданының орталығы Төле бидегі /бұрынғы Новотроицк/ қазақ-орта мектебінің жанындағы интернат-пансионатқа орналастырды.

Қазірде мектептің кей гимараттары тұрғанымен, интернаттың үйлері бір кірпіні де қалмай, түгелдей бұзылып кетті. Бұл интернатта көбіне ауыл-ауылдан келген балалар жатып оқитын. Оларға үш-төрт мезгіл ыстық ас беріп қана қоймай, басым көпшілігі жетім болғандықтан, жаздық, қыстық киім-кешектермен де көмектесетін. Қырғызстанмен шекаралас шалғайлау орналасқан бір ғана Ақсу/бұрынғы Калинин/ аулынан 20 шақты бала бізбен бірге білім алып тәрбиеленді. Олардың қатарында 30 жылдан астам ұстаз болып еңбектенген

Төрөкүл Әлханұлы, түрлі кәсіп иелері — Дүйсенәлі Кәрібаев, Әділхан Байсымақов, Бекен Сайлиев, Аман Тілеубердиев, Еркін Ақжігітов, Нұрғазы Төлендиев т. б. бар.

Ал аудан орталығына жақын орналасқан Жамбыл аулының түлегі Тұңғышбек Сейсенұлы болса, үлгілі тәртібімен, үздік оқумен көзге түсетін, ұстаздары мен тәрбиешілері де құрметтейтін Тұқаң мектеп қабырғасында жүргенде-ақ спортпен етене жақын еді. Күнде ертеңмен дене шынықтырумен айналысып, бізді де жанынан қалдырмай, бокс үйірмелеріне ертіп барып, ден-саулығымызды шыңдауға қамқорлық танытатын. Мектеп бітіргеннен кейін де осындай қасиеттерін ұштастырып, Кеңес Әскері қатарында ойдағыдай қызмет атқарып, офицер атағын алып қана қоймай, самбо күресінен спорт шеберлігіне кандидаттық нормасын да орындағандығын жақын жолдас-тардан естідім.

1966 жылы мектеп бітіріп, аяулы білім ордасымен қоштасқаннан кейін көпке дейін Тұңғышбекпен жолығудың сәті түспеді. Тек он шақты жылдардан соң екеуміз кездейсоқ жолығып қалғанымызда ол Алматыдағы Қазақтың мемлекеттік университетінің тарих факультетін өте жақсы бітіргеннен соң Қордай ауданының мектептерінде

еңбек етіп жүргенін айтқан еді...

1996 жылы күзге қарай Шу қаласының орталық базарында интернатта бірге оқыған ақсулық ұстаз Рақыш Мәлімбаев /кейінірек ауыр науқастан қайтыс болды/ кездесіп қалып, Тұңғышбек Сейсенұлының Шу аудандық білім басқармасының бастығы болып тағайындалғанын ерен қуанышпен естіртті. Көп ұзамай, Тұқаң сәлемдесе жолығып, жаңа қызметімен құттықтадым. Ол кезде көршілес — Мойынкүм ауданының Бірлік аулында тұратынмын. Атқарып жүрген қоғамдық жұмыстарымды жете түсіне білген Тұңғышбек келесі жылы қызмет бабымен аудандағы мектептерді менімен бірге аралай жүре, Алматыдағы “Жалын” баспасынан жарық көрген “Желтоқсан құрбандарын жоқтау” кітаптарын ұстаздарға таратып, таныстыруға тікелей көмектесті.

1998 жылдың жазында Шу ауданының орталығы Төле би аулына қоныс аударып, от басыммен көшіп келдім. Өйткені Халық қаһарманы — Қайрат Рысқұлбеков 1973-81 жылдары осы Төле би ауылындағы С.Шәкіров атандағы мектеп-интернатта оқыған еді. Ашығын айтқанда Шу ауданының әкімсымақтары жас боздақтың рухын құрметтеу шараларына мән бермей, немқұрайлы салғырттықпен, көңіл бөл-

мегендіктен Қайраттың балғын балалық шағы өткен Төле би аулында көзге ілініп аларлықтай ешқандай жұмыс істелінбеді. Тек, шеткері-елеусіздеу Почтовая көшесіне ғана Қ. Рысқұлбековтың есімі берілген-ді. Онда да 1991 жылдың қарашасында Қайраттың әкесі — (марқұм) Ноғайбай Рысқұлбековпен Көктеректен арнайы келіп, С.Шәкіров атындағы мектепте көпшілікпен кездесу өткізіп, келесі жылдың басында Төле би аулының сол кездегі әкімі Асқар Сандыбаевқа келіп жолыққанымнан соң ғана сең қозғалғандай болып еді...

Көшіп келе салысымен, аудандық дәрежеде шахмат жарысын ұйымдастыруға мұрындық болып, “Шу өңірі” газетіне Қайрат Рысқұлбеков жайлы мақала бердім...

1997 жылдың тамызында сол кездегі Жамбыл облысының әкімі А. Тшановтың жақын адамының бірі аудандық білім басқармасының бастығы орындығына жайғасып, жап-жақсы жұмыс атқарып жүрген Тұңғышбекті төменгі сатыға ығыстырды. Соған қарамастан Тұқаң “жоғарыдан келген мырзаға” жан-тәнімен көмектесіп жүргенін өзім талай мәрте байқадым да. Ал Амалбек Қозыбақұлының адамы “амалмен” келген екен. Шудағы лауазымды секірме құралына (трамплинге) айналдырып, об-

лыстық білім басқармасының бастығы болып секірді де кетті. Бірақ келесі жылы А.Қ.Тшанов абыройсыз күйде “отставкаға” кетісімен, көп ұзамай “амалшының да амалы таусылып” қызметінен босап қалды...

Осындай жүгенсіздіктерге қарамастан Тұңғышбек Сейсенұлы қызметін жалғастыра берді. 1998 жылдың наурызында Бірлік теміржол бекетінің Хайдар Дулати атындағы мектеп деректірлігіне тағайындалды. Шындығына жүгінсек, бұл мектепте оқушылардың жартысынан астамы жергілікті ұлт өкілдері болғанымен орыс сыныптары басым еді. Ал қазақ сыныптары тек бастауыш көлемінде ғана көрініп келеді. Сондықтан да Тұңғышбек бірінші кезекте орта және жоғарғы буындарда қазақ сыныптарын ашуды жетелдете қолға алды. Әрине, айтуға жеңіл болғанымен, оны жүзеге асыру өте қиын екендігін жете түсіне білген деректір бұл бағытта ең алдымен ата-аналармен қажымай – талмай түсінік жұмыстарын жүргізді. Осы мақсатта әр түрлі деңгейде бас қосу, жиындар мен кештер ұйымдастырып, мемлекеттік тілімізді еліміздің әрбір азаматы жете білуі міндетті екендігіне көпшіліктің көзін жеткізе алды.

Ең алғашында мектеп табалдырығын аттарларында балалардың қазақ сыныптарына қабылдануларына

ерекше көңіл бөлінді. Әр жылы бір орыс сыныбы және екі қазақ сыныбы ашылып, ата-аналардың келісімімен сынып-жабдықтары (комплектілер) бөлініп отыр. Осындай игі істердің нәтижесінде 720-дай шәкірт білім алып, 55 ұстаз еңбек етіп жүрген Х. Дулати атындағы мектепте жылдан жылға қазақ тілінде оқитын сыныптар көбейіп келеді.

Тұңғышбек Сейсенұлы ең алдымен мектеп ұжымындағы орыс тілді мамандардың саны 60 пайыздан асып тұрғандығын басты назарда ұстап, әдістемелік бөлмедегі арнаулы тақтада күнделікті үйренетін сөздер жазылып, әр аптада бүгінге дейін мұғалімдердің мемлекеттік тілде сынақ – емтихан тапсырып отыруларын тікелей өзі қадағалауда...

Ұлағатты-ұлтжандылықты паш еткен бір ғана осы қадам көптеген азаматтардың, тіптен, менмін деген кейбір қайраткерлердің де қолдарынан келеді деп айта алмаймын. 1993 жылы, 27 мамырда Бірлік ауылына табан тіреген Мұхтар Шаханов ағамыз Балтабек Таубалдиев деген кісінің үйіндегі дастархан басындағы әңгімесұхбатында: “Менің кезкелген аудан тұрмақ, бір ауылды басқаруға шамам да, өрем де жетпейді” деп, ашық айтқан еді. Өкінішке орай, Мұханның ақ жүректігімен мойындаған өз қабілетін бүгінде көптеген ат-

қамінерлер: жоғарғы-төмен деңгейдегі әкімдер мен лауазымды мырзалар, тіптен Үкімет құрамындағы бірқатар басшылар қаперлеріне де алып жүрген жоқ...

Өзінің көп жылғы ұстаздық еңбектерінен тағылымды қорытынды қорытқан Тұңғышбек мойынқұмдық Дүйсекеш Рахымбердіұлының ат салысуымен “Халық педагогикасын оқутәрбие жұмысында пайдаланудың кейбір мәселелері” атты кітабын, “Қазақы тәрбие” атты монографиясын жарыққа шығарды. Кітаптар Мойынқұм, Шу аудандарының ұстаздарына кеңінен таратылып, көпшіліктің қолдауына ие болып, қосымша оқу құралына айналды...

Тұқанды жете тану үшін қызметтес әріптестерінің де лебізіне көз жүгіртсек:

Деректірдің оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары Гүлжанат Айдарханқызы: — “4-5 жылдай бұрын мектебіміздің жағдайы өте нашар халде болатын, қазандық істен шығып, дәлізге 2 пеш қойылған еді. Бұл пештерден шыққан қара түтіннен оқушыларды 45 минут оқытудың орнына тек 15-20 минуттан ғана оқыта алдық. Бұдан қандай білім болмақ?!

1998 жылдың наурызында Тұңғышбек Сейсенұлы деректір болып келісімен мектептің жағдайы күрт жақсара бастады. Қазандық күрделі жөн-

деуден өтіп, іске қосылды. Соның арқасында бүгінде білім ордасының қай бөлмесі болмасын, қыс күндері өте жылы, шәкірттер де, ұстаздар да алаңсыз күнделікті оқуларын үзбей жалғастыруда. Сөйтіп бірте-бірте мектеп мұғалімдерінің дұрыс жұмыс істеулеріне жан-жақты жағдайлар жасалынып, барлық кедергілер жойылды деуге де болады. Дәліздер де, оқу бөлмелері де қазіргі өмірдің талғамына сай жабдықталып, безендірілді. Ал мектеп алаңы жайқалған гүлзарға айналды.

Оқушылардың білім сапасы артып, озат шәкірттеріміз аудандық, облыстық олимпиадаларға қатынасып жүлделі орындарды жеңіп алуда. Мұғалімдердің де біліктілігі мен іскерлігі артты. Ашығын айтсақ, мектебіміздің аудандағы алдыңғы қатарлы мектептердің бірі болып саналуы Тұңғышбек Сейсенұлының қажымайталмай еңбектенуінің, іскерлігінің нәтижесі.

—Кезінде Үкімет басшыларының жүргізген солақай саясатының кесірінен өзін туып-өскен кішігірім қалашық іспеттес Бірліктің де берекесі кетіп, емханасы, дүкендері мен асханалары, тіптен кіші мектебіміз де қирап, дүние-мүліктері жемқорлардың жемсауына кетті. Оларға “қой дейтін кожа, әй дейтін әже де” болмады. Осындай алапатты-зұлмат сонау Ұлы Отан соғысынан бұрын

салынған мектепке де жылан бауырлап жақындаған еді. Қазандық істемей, қабырғалары құлауға жақындап, шипірлері ұрланып, төбеден су сорғалап, тоз-тозы шыға бастағанды... Қалың көпшіліктің тілеуі ме, әлде болашағы бұлыңғыр тұманға айналған балалардың көз жасы Құдайдың көзіне шалынды ма, Тұңғышбек Сейсенұлы басшы болып келісімен мектебімізге бірте-бірте жан кіре, тіршілік нышаны байқалып, ата-аналар қуанышқа бөленді.

Өз ісінің білікті маманы, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары Тұңғышбек ақша жоқ, ана жоқ, мына жоқ демей Бірліктегі ПМС-14 ұжымының басшысы Асқар Көккөзов, “Қызыл бидай” АҚ-ның жетекшісі Мейірман Мұстайұлымен тіл табыса, қамқорлы көмектерімен білім ордасын күрделі жөндеуден өткізе, адам танымастай өзгертті...

Еліміздегі, төменнен бастап, жоғарғы лауазымды барлық деңгейдегі басшыларымыз өз қызметтерін Тұңғышбек Сейсенұлындай аса жауапкершілікпен, адал да ақ ниетпен атқарғанда, өткен он жылдың ішінде экономикасы қарыштап дамыған өркениетті мемлекетке әлдеқашан айналған болар едік қой, — деп өн-күй пәнінің мұғалімі Серікбай Мұстафаұлы өз ойын ашық айтты.

Жоғарғыдай ауқымды шаралармен күндіз-түні айналысып жүрген Тұңғышбек Сейсенұлы осы мақаланың басында айтып кеткеніміздей Халық қаһарманы — Қайрат Рысқұлбековтың рухын құрметтеуге байланысты түрлі дәрежедегі басқосуларға да қол ұшын беріп келеді. Сондай-ақ ардақты да асыл ағамыз Мұстафа Шоқай негізін қалап кеткен “Жас Түркістан” журналын халыққа, қалың жұртшылыққа таныстыруда да уақыт тауып, белсенді көмегін ұсынуда. Тұңғышбек Сейсенұлы осы журналдың алқа мүшесі әрі Жамбыл облысы бойынша өкілі.

Құдай қосқан қосағы Ләззат Бодайқызы да өзі қызмет етіп жүрген Хайдар Дулати атындағы мектебінде тарих пәнінен сабақ береді. Үлгілі от басында тәрбиеленіп бойжеткен тұңғыштары М. Әуезов атындағы мектепте ұстаз, оның жолдасы Жасұлан Әлкенұлы сол мектептің оқу ісінің меңгерушісі. Екінші қыздары аудандық мәслихаттың қызметкері. Тұңғышбек пен Ләззаттың Динара мен Аружандай немерелері қырдың қызғалдағындай құлпыра өсіп келеді...